Бос беттерді елемей	Егер Suppress blank pages (Бос беттерді елемей) опциясы қосылса, бос беттер еленбейді.
Бірнеше файлдар жасау	Әрбір файл беттерінің алдын ала анықталған максималды саны негізінде беттерді бөлек файлдарға сканерлеу үшін осы параметрді таңдаңыз.

Scan to email (Электрондық поштаға сканерлеу)


Кіріспе

Принтердің құжатты сканерлеп, бір немесе бірнеше электрондық поштаға жіберу мүмкіндігі бар.


 **ЕСКЕРТНЕ:** Электрондық поштамен сканерлеуден бұрын принтер әкімшісі немесе АТ бөлімі HP ендірілген веб-серверін қосу және оны реттеу үшін пайдалануы керек.

Scan to email (Электрондық поштаға сканерлеу)

1. Сканер шынысына құжаттың бетін төмен қаратып қойыңыз немесе құжат беру құралына бетін жоғары қаратып салыңыз және қағаз бағыттауыштарын құжаттың өлшеміне шақ келетін етіп реттеңіз.
2. Принтердің басқару панеліндегі негізгі экранда **Scan** (Сканерлеу) опциясын басып, **Scan to Email** (Электрондық поштаға сканерлеу) тармағын таңдаңыз.


 **ЕСКЕРТНЕ:** Нұсқау берілсе, пайдаланушы аты мен құпия сөзді енгізіңіз.

3. Пернетақтаны ашу үшін **Алушы** жолағын түртңіз.



 **ЕСКЕРТНЕ:** Егер принтерге кірген болсаңыз, **From** (Кімге) жолағында пайдаланушы атыңыз немесе басқа әдепкі ақпарат көрсетілуі мүмкін. Солай болса, оны өзгерте алмауыңыз мүмкін.


4. Келесі әдістердің біреуі арқылы алушыларды көрсетіңіз:

Мекенжайларды қолмен енгізу

- ▲ Мекенжайды **To** (Кімге) жолағына енгізіңіз. Бірнеше мекенжайға жіберу үшін мекенжайларды нүктелі үтірмен бөліңіз немесе әр мекенжайды енгізгеннен кейін сенсорлық пернетақтадағы Enter  түймесін басыңыз.

Мекенжайларды Контактілер тізімінен енгізу

- a. **Contacts** (Контактілер) экранын ашу үшін **To** (Кімге) жолының жанындағы **Contacts** (Контактілер)  түймесін басыңыз.
 - ә. Тиісті контактілер тізімін таңдаңыз.
 - б. Алушылар тізіміне ат қосу үшін контактілер тізімінен атты немесе аттарды таңдаңыз, одан кейін **Add** (Қосу) опциясын таңдаңыз.
5. Ақпарат енгізу үшін жолды түртіп, сенсорлы экран пернетақтасын пайдалану арқылы **Subject** (Тақырыбы) және **File Name** (Файл атауы) және **Message** (Хабарлар) жолдарын толтырыңыз. Пернетақтаны жабу керек болғанда, **Close**  (Жабу) түймесін басыңыз.
 6. Жылдам орнатуды жүктеу үшін **Load** (Жүктеу) опциясын, одан кейін **Quick Set** (Жылдам орнату) опциясын таңдаңыз да, **Load** (Жүктеу) опциясын **Quick Sets** (Жылдам орнатулар) тізімінен таңдаңыз.

 **ЕСКЕРТНЕ:** **Quick Sets** (Жылдам орнату) мәндері **Text** (Мәтін), **Photograph** (Фотосурет) және **High Quality** (Жоғары сапа) сияқты әртүрлі шығыс түрлерінің алдын ала анықталған параметрлері болып табылады. Сипаттамасын көру үшін **Quick Set** (Жылдам орнату) опциясын таңдауға болады.

7. **File Type and Resolution** (Файл түрі және ажыратымдылық), **Original Sides** (Бастапқы жақтар) және **Content Orientation** (Мазмұн бағыты) сияқты параметрлерді реттеу үшін астыңғы сол жақ бұрыштан

[Options](#) (Опциялар) мәзірін, одан кейін параметрлерді [Options](#) (Опциялар) мәзірлерінен таңдаңыз. Нұсқау берілсе, [Done](#) (Дайын) опциясын таңдаңыз.

8. Қосымша алдын ала қарау: Құжатты алдын ала қарау үшін экранның оң жақ аймағын түртіңіз. Алдын ала қарау экранын кеңейту және жию үшін алдын ала қарау тақтасының сол жағындағы [Expand](#) (Кеңейту) және [Collapse](#) (Жию) түймелерін пайдалануға болады.

Кесте 6-5 Алдын ала қарау панеліндегі басқару элементтері

[Expand](#) (Кеңейту) түймесі [Collapse](#) (Жию) түймесі







Алдын ала қарау опцияларын реттеу және беттерді қайта реттеу, бұру, енгізу немесе жою үшін экранның оң жағындағы түймелерді пайдаланыңыз.

Кесте 6-6 Алдын ала қарау түймелері

Түйме	Сипаттама
	Екі беттік көріністі және нобайлық көріністі ауыстырып қосыңыз. Екі беттік көрініспен салыстырғанда, нобайлық көріністе қолжетімді опциялар көбірек.
	Таңдалған бетті үлкейтіңіз не кішірейтіңіз. ЕСКЕРТПЕ: Бұл түймелерді пайдалану үшін бір уақытта тек бір бетті таңдаңыз.
	Бетті 180 градусқа бұрыңыз. ЕСКЕРТПЕ: Бұл түйме тек нобай көрінісінде қолжетімді болады.
	Таңдалған беттерді жойыңыз. ЕСКЕРТПЕ: Бұл түйме тек нобай көрінісінде қолжетімді болады.

Кесте 6-6 Алдын ала қарау түймелері (жалғасы)

Түйме	Сипаттама
	Құжаттағы беттерді қайта реттеңіз. Бір немесе бірнеше бетті таңдап, оларды солға немесе оңға жылжытыңыз. ЕСКЕРТПЕ: Бұл түймелер тек нобай көрінісінде қолжетімді болады.
	
	Бетті құжатқа қосыңыз. Принтер қосымша беттерді сканерлеуге кеңес береді.
	Алдын ала қарау кезінде енгізілген өзгерістерді тазалаңыз да басынан бастаңыз.

9. Құжат дайын болған кезде, оны электрондық поштамен жіберу үшін **Send** (Жіберу) түймесін таңдаңыз.




ЕСКЕРТПЕ: Принтер электрондық пошта мекенжайын контактілер тізіміне қосуды ескертуі мүмкін.

Тапсырма жадына сканерлеу

- [Кіріспе](#)
- [Принтердегі жад қалтасына сканерлеу](#)
- [Принтердегі тапсырма жадынан басып шығару](#)

Кіріспе

Принтердің құжатты сканерлеп, оны принтердегі тапсырма жады қалтасына сақтауға мүмкіндігі бар. Құжатты принтерден алып, қажетті уақытта оны басып шығаруға болады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Принтердегі жад қалтасына сканерлеуден бұрын мүмкіндікті қосу үшін принтер әкімшісі немесе АТ бөлімі HP ендірілген веб-серверін пайдаланып, ортақ қалталарды реттеуі керек.


Принтердегі жад қалтасына сканерлеу




Осы процедураны пайдаланып, көшірмелерді кез келген уақытта басып шығара алу үшін құжатты сканерлеп, оны тапсырма жады қалтасына сақтаңыз.

1. Құжатты бетін төмен қаратып сканер әйнегіне қойып немесе құжат бергішке бетін жоғары қаратып салып, құжаттың өлшеміне сәйкестендіру үшін қағаз бағыттағыштарын сәйкестендіріңіз.
2. Принтердің басқару тақтасындағы негізгі экранда [Scan](#) (Сканерлеу) опциясын басып, [Scan to Job Storage](#) (Тапсырма жадына сканерлеу) тармағын таңдаңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Нұсқау берілсе, пайдаланушы аты мен құпия сөзді енгізіңіз.

3. [Folder](#) (Қалта) астындағы әдепкі сақтау қалтасының атауын таңдаңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Егер принтер әкімшісі опцияны реттесе, жаңа қалта жасауға болады. Жаңа қалта жасау үшін осы қадамдарды орындаңыз:

- a. [New Folder](#)  (Жаңа қалта) белгішесін таңдаңыз.
 - ә. [New Folder](#) (Жаңа қалта) жолын таңдап, қалта атауын енгізіңіз, сосын [OK](#) опциясын таңдаңыз.
4. Дұрыс қалтаны таңдағаныңызға көз жеткізіңіз.
 5. Сенсорлық пернетақтаны ашу үшін [Job Name](#) (Тапсырма атауы) мәтін жолын түртіп, файл атауын енгізіңіз де, Enter  түймесін басыңыз.
 6. Тапсырманы құпия ұстау үшін PIN  түймесін басып, төрт таңбалы PIN кодын [PIN](#) жолына енгізіңіз, одан кейін сенсорлық пернетақтаны жабыңыз.
 7. [Sides](#) (Жақтар), [Content Orientation](#) (Мазмұн бағыты) сияқты параметрлерді реттеу үшін [Options](#) (Опциялар) астыңғы сол жақ бұрыштан таңдаңыз, сосын параметрлерді [Options](#) (Опциялар) мәзірлерінен таңдаңыз. Кеңес берілсе, әр параметр үшін [Done](#) (Дайын) опциясын таңдаңыз.
 8. Қосымша алдын ала қарау: Құжатты алдын ала қарау үшін экранның оң жақ аймағын түртіңіз. Алдын ала қарау экранын кеңейту және жию үшін алдын ала қарау тақтасының сол жағындағы [Expand](#) (Кеңейту) және [Collapse](#) (Жию) түймелерін пайдалануға болады.









Кесте 6-7 Алдын ала қарау панеліндегі басқару элементтері

[Expand \(Кенейту\)](#) түймесі [Collapse \(Жию\)](#) түймесі





Алдын ала қарау опцияларын реттеу және беттерді қайта реттеу, бұру, енгізу немесе жою үшін экранның оң жағындағы түймелерді пайдаланыңыз.

Кесте 6-8 Алдын ала қарау түймелері

Түйме	Сипаттама
	Екі беттік көріністі және нобайлық көріністі ауыстырып қосыңыз. Екі беттік көрініспен салыстырғанда, нобайлық көріністе қолжетімді опциялар көбірек.
	
	Таңдалған бетті үлкейтіңіз не кішірейтіңіз. ЕСКЕРТНЕ: Бұл түймелерді пайдалану үшін бір уақытта тек бір бетті таңдаңыз.
	
	Бетті 180 градусқа бұрыңыз. ЕСКЕРТНЕ: Бұл түйме тек нобай көрінісінде қолжетімді болады.
	Таңдалған беттерді жойыңыз. ЕСКЕРТНЕ: Бұл түйме тек нобай көрінісінде қолжетімді болады.
	Құжаттағы беттерді қайта реттеңіз. Бір немесе бірнеше бетті таңдап, оларды солға немесе оңға жылжытыңыз. ЕСКЕРТНЕ: Бұл түймелер тек нобай көрінісінде қолжетімді болады.
	

Кесте 6-8 Алдын ала қарау түймелері (жалғасы)

Түйме	Сипаттама
	Бетті құжатқа қосыңыз. Принтер қосымша беттерді сканерлеуге кеңес береді.
	Алдын ала қарау кезінде енгізілген өзгерістерді тазалаңыз да басынан бастаңыз.

9. Құжат дайын болғанда, файлды жад қалтасына сақтау үшін **Save** (Сақтау) опциясын таңдаңыз.

Принтердегі тапсырма жадынан басып шығару


Бұл процедураны принтердің тапсырма жады қалтасындағы сканерленген құжатты басып шығару үшін пайдаланыңыз.

1. Принтердің басқару панеліндегі негізгі экраннан **Print** (Басып шығару) опциясын, одан кейін **Print from Job Storage** (Сақталған тапсырма қалтасынан басып шығару) опциясын таңдаңыз.
2. **Stored Jobs to Print** (Басып шығаруға сақталған тапсырмалар) бөлімінен **Choose** (Таңдау) опциясын, одан кейін құжат сақталатын қалтаны таңдаңыз, сосын құжатты таңдап, **Select** (Таңдау) опциясын басыңыз.
3. Егер бұл жеке құжат болса, **Password** (Құпиясөз) жолына төрт сандық PIN кодын енгізіп, **OK** опциясын таңдаңыз.
4. Көшірмелер санын реттеу үшін **Print** (Басып шығару) түймесінің сол жағындағы терезеге құсбелгі қойып, ашылған пернетақтадан көшірмелер санын таңдаңыз. Пернетақтаны жабу үшін **Close** (Жабу) түймесін басыңыз.
5. Құжатты басып шығару үшін **Print** (Басып шығару) түймешігін басыңыз.


Желідегі қалтаға сканерлеу


Кіріспе


Принтер файлды сканерлеп, оны желідегі ортақ қалтаға сақтай алады.


 **ЕСКЕРТНЕ:** Желілік қалтаға сканерлеуден бұрын мүмкіндікті қосу үшін принтер әкімшісі немесе АТ бөлімі HP ендірілген веб-серверін пайдаланып, ортақ қалталарды реттеуі керек.


Желідегі қалтаға сканерлеу

 **ЕСКЕРТНЕ:** Бұл мүмкіндікті пайдалану үшін сіздің принтерге кіруіңіз қажет болуы мүмкін.

1. Құжатты бетін төмен қаратып сканер әйнегіне қойып немесе құжатты беру құрылғысына бетін жоғары қаратып салып, құжаттың өлшеміне сәйкестендіру үшін қағаз бағыттағыштарын сәйкестендіріңіз.
2. Принтердің басқару панеліндегі негізгі экранда [Scan](#) (Сканерлеу) опциясын басып, [Scan to Fax](#) (Факске сканерлеу) тармағын таңдаңыз.
3. Қалтаның орнын көрсетіңіз. Принтер әкімшісі алдымен қалта опцияларын конфигурациялауы керек.
 - Әкімші белгілеген қалта орнын таңдау үшін [Quick Sets and Defaults](#) (Жылдам орнатулар және әдепкі мәндер) астынан [Load](#) (Жүктеу) опциясын таңдаңыз, одан кейін қалтаны және [Load](#) (Жүктеу) опциясын таңдаңыз.
 - Жаңа қалта орнын көрсету үшін [Folder Paths](#) (Қалта жолдары) жолын түртіп, сенсорлық пернетақтаны ашыңыз да, қалтаның жолын көрсетіңіз, одан кейін Enter  түймесін басыңыз. Кеңес берілсе, пайдаланушының есептік жазба деректерін енгізіңіз, одан кейін жолды сақтау үшін [Save](#) (Сақтау) опциясын таңдаңыз.

 **ЕСКЕРТНЕ:** Жол үшін мына пішімді пайдаланыңыз: \\сервер\қалта, бұл жерде «сервер» ортақ қалта орналасқан сервердің атауы, ал «қалта» ортақ қалтаның атауы болып табылады. Қалта басқа қалталардың ішінде орналасқан болса, қалтаға жету үшін жолдың барлық сегменттерін енгізіңіз. Мысалы: \\сервер\қалта\қалта

 **ЕСКЕРТНЕ:** [Folder Paths](#) (Қалта жолдары) жолағына алдын ала анықталған және өңделмейтін жол болуы мүмкін. Осы кезде әкімші бұл қалтаны ортақ қатынау үшін реттейді.

4. Сенсорлық пернетақтаны ашу үшін [File Name](#) (Файл атауы) мәтін жолын түртіп, файл атауын енгізіңіз де, Enter  түймесін басыңыз.
5. [File Type and Resolution](#) (Файл түрі және ажыратымдылық), [Original Sides](#) (Бастапқы жақтар) және [Content Orientation](#) (Мазмұн бағыты) сияқты параметрлерді реттеу үшін астыңғы сол жақ бұрыштан [Options](#) (Опциялар) мәзірін, одан кейін параметрлерді [Options](#) (Опциялар) мәзірлерінен таңдаңыз. Кеңес берілсе, әр параметр үшін [Done](#) (Дайын) опциясын таңдаңыз.
6. Қосымша алдын ала қарау: Құжатты алдын ала қарау үшін экранның оң жақ аймағын түрткіңіз. Алдын ала қарау экранын кеңейту және жию үшін алдын ала қарау тақтасының сол жағындағы [Expand](#) (Кеңейту) және [Collapse](#) (Жию) түймелерін пайдалануға болады.









Кесте 6-9 Алдын ала қарау панеліндегі басқару элементтері

Expand (Кеңейту) түймесі Collapse (Жию) түймесі





Алдын ала қарау опцияларын реттеу және беттерді қайта реттеу, бұру, енгізу немесе жою үшін экранның оң жағындағы түймелерді пайдаланыңыз.

Кесте 6-10 Алдын ала қарау түймелері

Түйме	Сипаттама
	Екі беттік көріністі және нобайлық көріністі ауыстырып қосыңыз. Екі беттік көрініспен салыстырғанда, нобайлық көріністе қолжетімді опциялар көбірек.
	
	Таңдалған бетті үлкейтіңіз не кішірейтіңіз. ЕСКЕРТПЕ: Бұл түймелерді пайдалану үшін бір уақытта тек бір бетті таңдаңыз.
	
	Бетті 180 градусқа бұрыңыз. ЕСКЕРТПЕ: Бұл түйме тек нобай көрінісінде қолжетімді болады.
	Таңдалған беттерді жойыңыз. ЕСКЕРТПЕ: Бұл түйме тек нобай көрінісінде қолжетімді болады.
	Құжаттағы беттерді қайта реттеңіз. Бір немесе бірнеше бетті таңдап, оларды солға немесе оңға жылжытыңыз. ЕСКЕРТПЕ: Бұл түймелер тек нобай көрінісінде қолжетімді болады.
	

Кесте 6-10 Алдын ала қарау түймелері (жалғасы)

Түйме	Сипаттама
	Бетті құжатқа қосыңыз. Принтер қосымша беттерді сканерлеуге кеңес береді.
	Алдын ала қарау кезінде енгізілген өзгерістерді тазалаңыз да басынан бастаңыз.


7. Құжат дайын болғанда, файлды желілік қалтаға сақтау үшін [Send](#) (Жіберу) опциясын таңдаңыз.

SharePoint торабына сканерлеу

Кіріспе

Егер жұмыс процесі бар принтер болса, құжатты сканерлеп, оны Microsoft® SharePoint сайтына жіберуге болады. Бұл мүмкіндік құжаттарды желілік қалтаға, USB флэш дискісіне немесе электрондық хабарға сканерлеу қажеттілігін елемей, файлдардың SharePoint сайтына қолмен жүктеп салады.


Scan to SharePoint® (SharePoint® торабына сканерлеу) барлық сканерлеу опцияларын, оның ішінде құжаттардың кескіндер ретінде сканерлеу немесе мәтіндік файлдарды не ізделетін PDF файлдарын жасау үшін OCR мүмкіндігін пайдалану опцияларын қолдайды.

 **ЕСКЕРТПЕ:** SharePoint торабына сканерлеуден бұрын принтер әкімшісі немесе АТ бөлімі HP ендірілген веб-серверін қосу және оны реттеу үшін пайдалануы керек.

SharePoint торабына сканерлеу

1. Құжатты бетін төмен қаратып сканер әйнегіне қойып немесе құжат бергішке бетін жоғары қаратып салып, құжаттың өлшеміне сәйкестендіру үшін қағаз бағыттағыштарын сәйкестендіріңіз.
2. Принтердің басқару панеліндегі негізгі экранда [Scan](#) (Сканерлеу) басып, [Scan to SharePoint®](#) (SharePoint® торабына сканерлеу) таңдаңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Бұл мүмкіндікті пайдалану үшін сіздің принтерге кіруіңіз қажет болуы мүмкін.

3. Жылдам орнатуды таңдау үшін [Quick Sets](#) (Жылдам параметрлер) астындағы [Select](#) (Таңдау) опциясын түрткіңіз, одан кейін жылдам орнату опциясын таңдаңыз да, [Load](#) (Жүктеу) параметрін таңдаңыз.
4. Пернетақтаны ашу үшін [File Name:](#) (Файл атауы) жолын таңдап, файлдың атауын теріңіз де, [Enter](#)  түймесін басыңыз.
5. [File Type and Resolution](#) (Файл түрі және ажыратымдылық), [Sides](#) (Жақтар) және [Content Orientation](#) (Мазмұн бағыты) сияқты параметрлерді реттеу үшін астыңғы сол жақ бұрыштан [Options](#) (Опциялар) мәзірін, одан кейін параметрлерді [Options](#) (Опциялар) мәзірлерінен таңдаңыз. Нұсқау берілсе, [Done](#) (Дайын) опциясын таңдаңыз.
6. Қосымша алдын ала қарау: Құжатты алдын ала қарау үшін экранның оң жақ аймағын түрткіңіз. Алдын ала қарау экранын кеңейту және жию үшін алдын ала қарау тақтасының сол жағындағы [Expand](#) (Кеңейту) және [Collapse](#) (Жию) түймелерін пайдалануға болады.


Кесте 6-11 Алдын ала қарау панеліндегі басқару элементтері

Expand (Кеңейту) түймесі	Collapse (Жию) түймесі
--	--



Алдын ала қарау опцияларын реттеу және беттерді қайта реттеу, бұру, енгізу немесе жою үшін экранның оң жағындағы түймелерді пайдаланыңыз.

Кесте 6-12 Алдын ала қарау түймелері


Түйме	Сипаттама
	Екі беттік көріністі және нобайлық көріністі ауыстырып қосыңыз. Екі беттік көрініспен салыстырғанда, нобайлық көріністе қолжетімді опциялар көбірек.
	
	Таңдалған бетті үлкейтіңіз не кішірейтіңіз. ЕСКЕРТНЕ: Бұл түймелерді пайдалану үшін бір уақытта тек бір бетті таңдаңыз.
	
	Бетті 180 градусқа бұрыңыз. ЕСКЕРТНЕ: Бұл түйме тек нобай көрінісінде қолжетімді болады.
	Таңдалған беттерді жойыңыз. ЕСКЕРТНЕ: Бұл түйме тек нобай көрінісінде қолжетімді болады.
	Құжаттағы беттерді қайта реттеңіз. Бір немесе бірнеше бетті таңдап, оларды солға немесе оңға жылжытыңыз. ЕСКЕРТНЕ: Бұл түймелер тек нобай көрінісінде қолжетімді болады.
	
	Бетті құжатқа қосыңыз. Принтер қосымша беттерді сканерлеуге кеңес береді.
	Алдын ала қарау кезінде енгізілген өзгерістерді тазалаңыз да басынан бастаңыз.

7. Құжат дайын болғанда, оны SharePoint қалтасына сақтау үшін **Send** (Жіберу) опциясын таңдаңыз.

Сканерлеп, USB құрылғысына сақтау


Кіріспе

Принтер файлды сканерлеп, оны USB құралына сақтай алады.

 **ЕСКЕРТНЕ:** USB құралына сканерлеуден бұрын принтер әкімшісі немесе АТ бөлімі HP ендірілген веб-серверін қосу және оны реттеу үшін пайдалануы керек.

Сканерлеп, USB құрылғысына сақтау

 **ЕСКЕРТНЕ:** Бұл мүмкіндікті пайдалану үшін сіздің принтерге кіруіңіз қажет болуы мүмкін.

1. Құжатты бетін төмен қаратып сканер әйнегіне қойып немесе құжатты беру құрылғысына бетін жоғары қаратып салып, құжаттың өлшеміне сәйкестендіру үшін қағаз бағыттағыштарын сәйкестендіріңіз.
2. USB құралын принтердің басқару тақтасының жанындағы USB портына салыңыз.
3. Принтердің басқару панеліндегі негізгі экранда [Scan](#) (Сканерлеу) басып, [Scan to USB Drive](#) (USB құрылғысына сканерлеу) параметрін таңдаңыз.
4. [Destination](#) (Мақсатты орын) астынан USB құралын таңдаңыз, одан кейін сақтау орнын (USB дискісінің түбірі немесе бар қалта) таңдаңыз.
5. Сенсорлық пернетақтаны ашу үшін [File Name](#) (Файл атауы) мәтін жолын түртіп, файл атауын енгізіңіз, Enter  түймесін басыңыз.
6. [File Type and Resolution](#) (Файл түрі және ажыратымдылық), [Original Sides](#) (Бастапқы жақтар) және [Content Orientation](#) (Мазмұн бағыты) сияқты параметрлерді реттеу үшін астыңғы сол жақ бұрыштан [Options](#) (Опциялар) мәзірін, одан кейін параметрлерді [Options](#) (Опциялар) мәзірлерінен таңдаңыз. Нұсқау берілсе, [Done](#) (Дайын) опциясын таңдаңыз.
7. Қосымша алдын ала қарау: Құжатты алдын ала қарау үшін экранның оң жақ аймағын түртіңіз. Алдын ала қарау экранын кеңейту және жию үшін алдын ала қарау тақтасының сол жағындағы [Expand](#) (Кеңейту) және [Collapse](#) (Жию) түймелерін пайдалануға болады.



Кесте 6-13 Алдын ала қарау панеліндегі басқару элементтері

Expand (Кеңейту) түймесі	Collapse (Жию) түймесі
--	--



Алдын ала қарау опцияларын реттеу және беттерді қайта реттеу, бұру, енгізу немесе жою үшін экранның оң жағындағы түймелерді пайдаланыңыз.

Кесте 6-14 Алдын ала қарау түймелері

Түйме	Сипаттама
	Екі беттік көріністі және нобайлық көріністі ауыстырып қосыңыз. Екі беттік көрініспен салыстырғанда, нобайлық көріністе қолжетімді опциялар көбірек.
	
	Таңдалған бетті үлкейтіңіз не кішірейтіңіз. ЕСКЕРТНЕ: Бұл түймелерді пайдалану үшін бір уақытта тек бір бетті таңдаңыз.
	
	Бетті 180 градусқа бұрыңыз. ЕСКЕРТНЕ: Бұл түйме тек нобай көрінісінде қолжетімді болады.
	Таңдалған беттерді жойыңыз. ЕСКЕРТНЕ: Бұл түйме тек нобай көрінісінде қолжетімді болады.
	Құжаттағы беттерді қайта реттеңіз. Бір немесе бірнеше бетті таңдап, оларды солға немесе оңға жылжытыңыз. ЕСКЕРТНЕ: Бұл түймелер тек нобай көрінісінде қолжетімді болады.
	
	Бетті құжатқа қосыңыз. Принтер қосымша беттерді сканерлеуге кеңес береді.
	Алдын ала қарау кезінде енгізілген өзгерістерді тазалаңыз да басынан бастаңыз.

8. Құжат дайын болғанда, файлды USB құралына сақтау үшін **Save** (Сақтау) опциясын таңдаңыз.

Сканерлеу кезіндегі қосымша опциялар

Келесі параметрлер сканерлеу кезінде [Options](#) (Опциялар) тізімінде қолжетімді болады.



ЕСКЕРТПЕ: Келесі тізімде HP Enterprise MFP принтерлері үшін қолжетімді опциялардың үлкен жинағы қамтылған. Кейбір опциялар барлық принтерлерде қолжетімді бола бермейді.

Кесте 6-15 Сканерлеу опциялары

Опция	Сипаттама
Файл түрі және ажыратымдылығы	<p>Сканерленген құжатты файлдардың бірнеше түрінің бірі ретінде сақтаңыз.</p> <p>Төмендегідей стандартты файл түрлерін пайдалануға болады:</p> <ul style="list-style-type: none">• PDF: бұл файл түрі үздік жалпы кескін және мәтін сапасын қамтамасыз етеді. PDF файлдарын көру үшін Adobe® Acrobat® Reader бағдарламалық құралы қажет.• JPEG: бұл файл түрі — көптеген сызбалар үшін жақсы таңдау. Көптеген компьютерлерде .JPEG файлдарын көруге болатын шолғыш болады. Бұл файл түрі бір бетке бір файл шығарады.• TIFF: бұл — көптеген сызбалық бағдарламалар қолдайтын стандартты файл түрі. Бұл файл түрі бір бетке бір файл шығарады.• MTIFF: MTIFF көп бетті TIFF дегенді білдіреді. Бұл файл түрі бірнеше сканерленген бетті бір файлға сақтайды.• XPS: XPS (XML Paper Specification) пішімі құжаттың бастапқы пішімдерін сақтап қалатын XAML файлын жасайды және түс графикасы мен енгізілген қаріптерді қолдайды.• PDF/A: PDF/A — электрондық құжаттарды ұзақ мерзімге мұрағаттауға арналған PDF түрі. Құжаттағы пішім апаратының барлығы тәуелсіз болады. <p>Цифрлық жіберу бағдарламалық құралы (DSS) серверіне жалғанған HP Enterprise Flow MFP принтерлерінде немесе MFP принтерлерінде келесі OCR файл түрлеріне қолдау көрсетіледі:</p> <ul style="list-style-type: none">• Text (OCR) (Мәтін (OCR)): мәтін (OCR) түпнұсқаны сканерлеу үшін таңбаларды оптикалық тануды (OCR) пайдалана отырып мәтіндік файлды жасайды. Мәтіндік файлды кез келген

Кесте 6-15 Сканерлеу опциялары (жалғасы)

Опция	Сипаттама
	<p>мәтінді өңдеу бағдарламасында ашуға болады. Түпнұсқаның пішімдеуі бұл опцияны пайдаланып сақталмайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Unicode Text (OCR) (Unicode мәтіні (OCR)): Юникод мәтіні (OCR) — мәтінді үйлесімді көрсету және өзгерту үшін пайдаланылатын салалық стандарт. Бұл файл түрі халықаралық ету және локализациялау үшін пайдалы. • RTF (OCR): RTF (OCR) — түпнұсқаны сканерлеу үшін таңбаларды оптикалық тануды (OCR) пайдалана отырып RTF файлы жасайды. RTF — мәтінді өңдеу бағдарламаларының көпшілігі арқылы ашуға болатын баламалы мәтін пішімі. Бұл опцияны пайдаланғанда, түпнұсқаның біраз пішімдеуі сақталады. • Searchable PDF (OCR) (Іздеуге болатын PDF (OCR)): іздеуге болатын PDF (OCR) — түпнұсқаны сканерлеу үшін таңбаларды оптикалық тануды (OCR) пайдалана отырып іздеуге болатын PDF файлы жасайды. Құжат осылайша сканерленгенде, PDF файлында белгілі бір сөздерді немесе сөз тіркестерін іздеу үшін Adobe Acrobat® Reader бағдарламасының іздеу құралдарын пайдаланыңыз. • Searchable PDF/A (OCR) (Іздеуге болатын PDF/A (OCR)): іздеуге болатын PDF/A (OCR) — мазмұнды іздеуге мүмкіндік беретін құжат құрылымы туралы ақпаратты қамтитын PDF/A файлының түрі. • HTML (OCR): HTML (OCR) бастапқы құжаттың мазмұнын қамтитын HTML файлы жасайды. HTML файлдарды веб-беттерде көрсету үшін пайдаланылады. • CSV (OCR): CSV (OCR) — үтір бөлгіштері бар мәндерді қамтитын жалпы мәтіндік файл пішімі. Бұл файл түрін мәтінді өңдеу, электрондық кесте немесе дерекқор бағдарламаларының көпшілігі арқылы ашуға болады. <p>DSS серверіне қосылған MFP принтерлерінде сандық жіберу тапсырмаларының келесі OCR файл түрлеріне қолдау көрсетіледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> • XML (OCR): СИПАТТАМА ҚАЖЕТ. • Searchable XPS (OCR) (Іздеуге болатын PDF/A (OCR)): СИПАТТАМА ҚАЖЕТ.
Бастапқы жақтар	Бастапқы құжаттың бір жағына немесе екі жағына басып шығарылатынын көрсетіңіз.
Түсті/кара	Сканерленген кескіннің түрлі-түсті, кара және сұр немесе тек кара түсті болып басып шығарылатынын көрсетіңіз.
Тек түсті принтерлер үшін.	
Сканерлеу режимі	<p>Standard Document (Стандартты құжат): құжат беру құралы арқылы жекелей тегіс әйнек үстінде бетті немесе беттер жинағын сканерлеңіз.</p> <p>Book Mode (Кітап режимі): ашық бетті сканерле және кітаптың әрбір бетін бөлек беттер ретінде басып шығар.</p> <p>2-sided ID Copy (2 жақты жеке куәлікті көшіру): тегіс әйнекте жеке куәліктің екі жағын сканерлеп, оларды бір бетте басып шығарыңыз. Бірінші жағын сканерлегеннен кейін принтер екінші жағын әйнекке дұрыс орналастыруға кеңес береді.</p>
ЕСКЕРТПЕ: Бұл мүмкіндік барлық микробағдарлама нұсқалары үшін қолжетімсіз. Бұл мүмкіндікті қолдану үшін принтердің микробағдарламасын жаңарту керек болуы мүмкін.	
Ажыратымдылық	Сканерленетін кескіндердің ажыратымдылығын көрсетіңіз. Кескіннің айқындығын арттыру үшін жоғарырақ бір ажыратымдылықты таңдаңыз. Дегенмен ажыратымдылық артқанда, файдың өлшемі де артады.
Бастапқы өлшем	Бастапқы құжаттың бет өлшемін көрсетіңіз.
Мазмұн бағдары	Бастапқы құжаттың портреттік немесе альбомдық бағдарда басып шығарылатынын көрсетіңіз.

Кесте 6-15 Сканерлеу опциялары (жалғасы)

Опция	Сипаттама
Суретті реттеу	<p>Sharpness (Айқындық): кескінді айқындау немесе жұмсарту. Мысалы, айқындықты арттыру мәтіннің анық етіп көрсетуі мүмкін, бірақ оны төмендету фотосуреттерді жұқалау етіп көрсетуі мүмкін.</p> <p>Darkness (Күңгірттік): сканерленген кескіндердегі түстерде пайдаланылатын ақ пен қара түстің мөлшерін арттыру немесе азайту.</p> <p>Contrast (Контраст): беттегі ең ашық және ең күңгірт түс арасындағы айырмашылықты арттыру немесе азайту.</p> <p>Background Cleanup (Өндік тазалау): сканерленген кескіндердің фонынан ақшыл түстерді алып тастау. Мысалы, бастапқы құжат түсті қағазда басып шығарылған болса, бұл мүмкіндікті суреттің күңгірттігіне әсер етпестен фонды ашықтау ету үшін пайдаланыңыз.</p> <p>Automatic Tone (Автоматты сигнал): тек ағындық принтерлер үшін қолжетімді. Принтер Darkness (Қараңғылық), Contrast (Контраст) және Background Cleanup (Фонды тазалау) параметрлерін сканерленген құжатқа ең лайықты мәндерге автоматты түрде реттейді.</p>
Мәтінді/суретті оңтайландыру	Сканерленетін кескіннің түріне арналған тапсырманы оңтайландыру: мәтін, сызбалар немесе фотосуреттер.
Ұштарды өшіру	Сканерленген суреттің жиектерін тазалау арқылы қара жиектер немесе степлер белгілері сияқты таңбаларды жойыңыз.
Қию опциялары	<p>Crop to original size (Түпнұсқалық өлшемді қию): бастапқы құжаттың қағаз өлшеміне сәйкестендіру үшін суретті қию.</p> <p>Crop to content (Мазмұнға дейін қиып алу): түпнұсқа құжаттағы анықталатын мазмұнның өлшеміне дейін суретті қию.</p>
Автоматты түрде түзуленген	Сканерленген суретті автоматты түрде түзету.
Бос беттер тастап кету	Бастапқы құжаттағы бос беттерді сканерленген суреттен алып тастаңыз. Бұл мүмкіндік бос беттерді нәтижесіндегі сканерленген құжаттан алып тастау үшін екі жағына да басып шығарылатын беттерді сканерлеуге пайдаланылады.
Көп қағаз беруді анықтау	Көп қағаз беруді анықтауды қосу немесе өшіру. Егер бұл мүмкіндік қосылған болса, принтер құжат беру құралына салу кезінде бірден көп қағаз салынғанын анықтаса сканерлеу тоқтайды. Егер бұл мүмкіндік өшірілген болса, бірге жинақталған беттерді, өзі жабысатын ескертпелері бар түпнұсқаларды немесе қалың қағазды сканерлеуге мүмкіндік беру үшін көп қағазды беру анықталған кезде сканерлеу жалғасады.
Бірнеше файлдар жасау	Үлкен сканерлеу тапсырмасын бірнеше кішкентай шығыс файлына бөліңіз.
Хабарландыру	Сканерлеу тапсырмаларының күйі туралы хабарламаларды жіберуді таңдаңыз. Принтер ескертуді басып шығара алады немесе ескертуді электрондық поштамен жібере алады.
Қол қою және шифрлау	Sign (Қол қою): Электрондық пошта хабарын сандық қолтаңбамен жіберу.
ЕСКЕРТНЕ: Бұл мүмкіндік тек электрондық поштаға сканерлеу үшін қолдау көрсетіледі.	Encrypt (Шифрлау): Электрондық пошта хабарын шифрланған файл ретінде жіберу.

HP JetAdvantage іскери шешімдері

HP JetAdvantage шешімдері жұмыс ағыны және пайдалануға оңай шешімдерді басып шығару болып табылады және желі мен бұлтқа негізделеді. HP JetAdvantage шешімдері барлық түрлердегі бизнестерге көмектесу үшін жасалған, ол денсаулықты күтуді, қаржылық қызметтерді, өндірісті және қоғамдық секторды қамтиды, принтерлер мен сканерлер ағынын басқарады.

HP JetAdvantage шешімдері мыналарды қамтиды:

- HP JetAdvantage қауіпсіздік шешімдері
- HP JetAdvantage басқару шешімдері
- HP JetAdvantage жұмыс ағыны шешімдері
- HP JetAdvantage мобильді басып шығару шешімдері

HP JetAdvantage іскери жұмыс ағыны мен шешімдерді басып шығару туралы қосымша мәліметтерді алу үшін www.hp.com/go/PrintSolutions сайтына өтіңіз.

Қосымша сканерлеу тапсырмалары

www.hp.com/support/colorljM578MFP торабына өтіңіз.

Белгілі бір сканерлеу тапсырмаларын орындау үшін нұсқаулар беріледі, мысалы:

- Кітаптардың немесе басқа тігілген құжаттардың беттерін көшіріңіз немесе сканерлеңіз
- Жеке куәліктің екі жағында көшіру немесе сканерлеу
- Құжатты кітапша пішімінде көшіру немесе сканерлеу

7 Факс

- [Факс параметрлерін орнату](#)
- [Факс конфигурацияларын өзгерту](#)
- [Факс жіберу](#)
- [Қосымша факс тапсырмалары](#)

Қосымша ақпарат алу үшін

Келесі ақпарат жариялау уақытында дұрыс болады.

Видео көру үшін www.hp.com/videos/LaserJet бөлімін қараңыз.

Ағымдағы ақпаратты www.hp.com/support/colorljm578MFP бөлімінен қараңыз.

Принтер бойынша HP компаниясының жан-жақты анықтамасы мынадай ақпаратты қамтиды:

- Орнату және параметрлерді реттеу
- Үйрену және пайдалану
- Проблемаларды шешу
- Бағдарламалық құрал мен микробағдарлама жаңартуларын жүктеп алу
- Қолдау форумдарына қосылу
- Кепілдік және құқықтық ақпарат табу

Факс параметрлерін орнату

Кіріспе

Бұл ақпарат факске және ағындық модельдерге немесе қосымша аналогтық факс қосалқы құралы орнатылған басқа принтерлерге арналады. Жалғастырмастан бұрын, принтерді телефон желісіне (аналогтық факс үшін) немесе интернетке не желілік факс қызметіне қосыңыз.

Принтердің басқару панелін пайдалана отырып факсты орнатыңыз

1. Принтердің басқару тақтасындағы негізгі экраннан [Settings](#) (Параметрлер) қолданбасын түртіп, [Settings](#) (Параметрлер) белгішесін таңдаңыз.

2. Мына мәзірлерді ашыңыз:

- а. [Факс](#)

- ә. [Ішкі факс модемін орнату](#)



ЕСКЕРТПЕ: Егер мәзір тізімінде [Internal Fax Modem Setup](#) (Ішкі факс модемін орнату) мәзірі пайда болмаса, жергілікті желі немесе интернет факсы қосулы болуы мүмкін. Жергілікті желі немесе интернет факсы қосулы кезде, аналогтық факс жабдығы өшіріледі және [Internal Fax Modem Setup](#) (Ішкі факс модемін орнату) мәзірі көрсетілмейді. Бір уақытта тек бір факс мүмкіндігін қосуға болады, жергілікті факс, аналогтық факс немесе интернет факсы. Жергілікті желі факсы қосу болған кезде аналогтық факсты пайдалану үшін жергілікті желі факсын өшіру үшін HP ендірілген веб-серверін пайдаланыңыз.

3. Экранның оң жағындағы тізімнен орынды таңдап, [Next](#) (Келесі) түймесін басыңыз.
4. [Company Name](#) (Компания аты) мәтін жолағын түртіп, компанияның атын енгізу үшін пернетақтаны пайдаланыңыз.
5. [Fax Number](#) (Факс нөмірі) мәтін жолағын түртіп, жіберетін факс нөмірін енгізу үшін пернетақтаны пайдаланыңыз. [Next](#) (Келесі) опциясын таңдаңыз.
6. Күн мен уақыт параметрлерінің дұрыстығын растаңыз. Қажетті өзгерістерді енгізіп, [Next](#) (Келесі) түймесін таңдаңыз.
7. Егер факс жіберу үшін кодтық префикс талап етілсе, [Dialing Prefix](#) (Кодтық префикс) мәтін жолағын басып, санды енгізу үшін пернетақтаны пайдаланыңыз.
8. Сол жақ тақтадағы барлық ақпаратты оқығаннан кейін, факсты орнатуды аяқтау үшін [Finish](#) (Аяқтау) түймесін таңдаңыз.

Факс конфигурацияларын өзгерту



ЕСКЕРТПЕ: Басқару панелін пайдаланатын конфигурацияланған параметрлер HP ендірілген веб-серверінде жасалған кез келген параметрлерді қайта анықтайды.

- [Факсты теру параметрлері](#)
- [Жалпы факс жіберу параметрлері](#)
- [Факс қабылдау параметрлері](#)

Факсты теру параметрлері

1. Принтердің басқару тақтасындағы негізгі экраннан [Settings](#) (Параметрлер) қолданбасын түртіп, [Settings](#) (Параметрлер) белгішесін таңдаңыз.
2. Келесі мәзірлерді ашыңыз:
 - а. [Факс](#)
 - ә. [Факс жіберу параметрлері](#)
 - б. [Факсты теру параметрлері](#)

Төмендегі параметрлердің кез келгенін конфигурациялаңыз, одан кейін [Done](#) (Дайын) опциясын таңдаңыз:

Мәзір тармағы	Сипаттама
Redial on Error (Қате болғанда қайта теру)	Redial On Error (Қате болғанда қайта теру) мүмкіндігі факсты тасымалдау кезінде қате орын алғанда факс нөмірі қанша рет қайта терілетінін орнатады.
Жауап болмағанда қайта теру	Redial On No Answer (Жауап болмағанда қайта теру) параметрі терілген нөмір жауап бермесе факс жабдығы нөмірді қанша рет теретінін таңдайды. Әрекеттердің саны — аймақ параметріне байланысты 0 мен 1 арасында (АҚШ-та пайдаланылады) немесе 0 мен 2 арасында. Әрекеттердің арасындағы аралықты қайта теру аралығы параметрі орнатады.
Нөмір бос болмағанда қайта теру	Redial On Busy (Бос болмағанда қайта теру) параметрі нөмір бос емес кезде факс жабдығы нөмірді қанша рет теретінін (0-9) таңдайды. Әрекеттердің арасындағы аралықты қайта теру аралығы параметрі орнатады.
Redial Interval (Қайта теру аралығы)	<p>Redial Interval (Қайта теру аралығы) параметрі терілген нөмір бос болмаса немесе жауап бермей жатса, не болмаса қате орын алса, әрекеттердің арасындағы минуттар санын таңдайды.</p> <p>ЕСКЕРТПЕ: Redial On Busy (Бос болмағанда қайта теру) және Redial On No Answer (Жауап болмағанда қайта теру) параметрлерінің екеуі де өшірулі күйге орнатылғанда, басқару панелінде қайта теру хабары көрсетіледі. Бұл факс жабдығы нөмірді тергенде, қосылымды орнатқанда, содан кейін қосылымды жоғалтқанда орын алады. Осы қате күйінің нәтижесінде, факс жабдығы қайта теру параметрлеріне қарамастан үш автоматы қайта теру әрекетін жасайды. Бұл қайта теру әрекеті кезінде басқару панелінде қайта теру орындалып жатқанын көрсететін хабар көрсетіледі.</p>
Fax Send Speed (Факс жіберу жылдамдығы)	<p>Fax Send Speed (Факс жіберу жылдамдығы) параметрі факс жіберу кезінде аналогтық факс модемінің биттік жылдамдығын (бит/секунд түрінде өлшенеді) орнатады.</p> <ul style="list-style-type: none">• Fast (v.34 – 33.6k) (Жылдам (v.34 – 33.6k))• Medium (v.17 – 14.4k) (Орташа (v.17 – 14.4k))• Slow (v.29 – 9.6k) (Баяу (v.29 – 9.6k))

Мәзір тармағы	Сипаттама
Желі датчигінің деңгейі	Факстарды жіберген кездегі принтердің теру дыбыс деңгейін басқару үшін Line Monitor Volume (Желі датчигінің деңгейі) параметрін пайдаланыңыз.
Нөмір теру режимі	Dialing Mode (Теру режимі) параметрі пайдаланылатын теру түрін орнатады: тондық (түймелік телефондар) немесе импульстік (айналдыру дискісі бар телефондар).
Dialing Prefix (Теру префиксі)	Dialing Prefix (Теру префиксі) теру кезінде префикс нөмірін (мысалы, сыртқы желіге қол жеткізу үшін «9») енгізуге мүмкіндік береді. Бұл префикс нөмірі терген кезде телефон нөмірлерінің бәріне автоматты түрде қосылады.
Detect dial tone (Теру сигналын анықтау)	Detect dial tone (Теру сигналын анықтау) параметрі факстың факсты жіберу алдында теру сигналын тексеретін-тексермейтінін анықтайды.

Жалпы факс жіберу параметрлері

1. Принтердің басқару тақтасындағы негізгі экраннан [Settings](#) (Параметрлер) қолданбасын түртіп, [Settings](#) (Параметрлер) белгішесін таңдаңыз.
2. Келесі мәзірлерді ашыңыз:
 - а. [Факс](#)
 - ә. [Факс жіберу параметрлері](#)
 - б. [Жалпы факс жіберу параметрлері](#)

Төмендегі параметрлердің кез келгенін конфигурациялаңыз, одан кейін [Done](#) (Дайын) опциясын таңдаңыз:

Мәзір тармағы	Сипаттама
Fax Number Confirmation (Факс нөмірін растау)	Fax Number Confirmation (Факс нөмірін растау) мүмкіндігі қосулы кезде, дұрыс енгізілуін қамтамасыз ету үшін факс нөмірін екі рет енгізу керек. Бұл мүмкіндік әдепкі жағдайда өшірілуі болады.
PC Fax Send (Компьютер арқылы факс жіберу)	Компьютерден факстар жіберу үшін PC Fax Send (Компьютер арқылы факс жіберу) мүмкіндігін пайдаланыңыз. Бұл мүмкіндік әдепкі жағдайда қосулы болады.
Error Correction Mode (Қатені түзету режимі)	Әдетте, факс жабдығы факс қабылдау немесе жіберу кезінде телефон желісіндегі сигналдарды бақылап отырады. Егер тасымалдау кезінде факс жабдығы қате тапса және Error Correction Mode (Қатені түзету режимі) параметрі қосулы болса, факс жабдығы факстің қате бөлігін қайта жіберуді сұрауы мүмкін. Error Correction Mode (Қатені түзету режимі) мүмкіндігі әдепкі жағдайда қосулы болады. Оны факсты жіберуде немесе қабылдауда мәселе болса және берілімдегі қателерді және сурет сапасының ықтимал азаюын қабылдайтын болсаңыз ғана өшіру керек. Факсті шетелге жіберу немесе шетелден факс қабылдау кезінде немесе сіз телефон байланысын жер серігі арқылы пайдалансаңыз, бұл функцияны ажыратып қою пайдалы болуы мүмкін. ЕСКЕРТПЕ: Кейбір VoIP провайдерлері Error Correction Mode (Қатені түзету режимі) параметрін өшіруді ұсынуы мүмкін. Бірақ, бұл әдетте қажет емес.
Fax Header (Факс тақырыбы)	Үстіңгі деректеме жоғарғы жаққа бекітілетінін және мазмұн төмен ауыстырылатынын немесе үстіңгі деректеме алдыңғы үстіңгі деректеменің үстінен қабаттасатынын басқару үшін Fax Header (Факс тақырыбы) мүмкіндігін пайдаланыңыз.

Факс қабылдау параметрлері

1. Принтердің басқару тақтасындағы негізгі экраннан **Settings** (Параметрлер) қолданбасын түртіп, **Settings** (Параметрлер) белгішесін таңдаңыз.
2. Келесі мәзірлерді ашыңыз:
 - а. **Факс**
 - ә. **Факс қабылдау параметрлері**
 - б. **Факс қабылдау параметрлерін орнату** (Настройка параметров получения факсов)


Төмендегі параметрлердің кез келгенін конфигурациялаңыз, одан кейін **Done** (Дайын) опциясын таңдаңыз:

Мәзір тармағы	Сипаттама
Алу режимі	<p>Receive Mode (Алу режимі) параметрі факс аксессуары факс тапсырмаларын қалай қабылдайтынын анықтайды. Келесі берілген опциялардың бірін таңдаңыз:</p> <ul style="list-style-type: none">• Автоматты• Автоматты жауап беру• Факс/Телефон• Manual (Қолмен орнату)
Жауап бергенге дейінгі қоңырау саны	<p>Rings To Answer (Жауап бергенге дейінгі қоңыраулар саны) параметрі қоңырауға факс жабдығы жауап бергенше телефон қанша рет шырылдайтынын анықтайды.</p> <p>ЕСКЕРТПЕ: Rings To Answer (Жауап бергенге дейінгі қоңыраулар саны) параметрі үшін қол жетімді опциялардың әдепкі ауқымы аймаққа байланысты болады. Ықтимал Rings To Answer (Жауап бергенге дейінгі қоңыраулар саны) опцияларының ауқымы мекенжайымен шектеледі.</p> <p>Егер факстың қосалқы құралы жауап бермесе және Rings To Answer (Жауап бергенге дейінгі қоңыраулар саны) параметрі 1 болса, оны 2 мәніне арттырып көріңіз.</p>
Қоңыраудың дыбыс деңгейі	<p>Ring Volume (Қоңыраудың дыбыс деңгейі) параметрі қоңыраудың дыбыс деңгейін реттеуге мүмкіндік береді.</p>
Fax Receive Speed (Факс қабылдау жылдамдығы)	<p>Fax Receive Speed (Факс қабылдау жылдамдығы) ашылмалы мәзірін түртіп, төмендегі опциялардың бірін таңдаңыз:</p> <ul style="list-style-type: none">• Fast (v.34 – 33.6k) (Жылдам (v.34 – 33.6k))• Medium (v.17 – 14.4k) (Орташа (v.17 – 14.4k))• Slow (v.29 – 9.6k) (Баяу (v.29 – 9.6k))
Қосымша телефон	<p>Бұл параметр факс функцияларымен бөлек телефонды пайдалануға мүмкіндік береді.</p>
Қайта басып шығаруға мүмкіндік беру	<p>Бұл параметр алынған факстарды қайта басып шығаруға мүмкіндік береді.</p>
Дербес компьютерге қабылдау	<p>Бұл параметр факстерді тікелей компьютерге алуға мүмкіндік береді.</p>
Факсты сұрау	<p>Бұл параметр факс сұрау функциясын қосуға немесе өшіруге мүмкіндік береді.</p>
Fax/Tel Ring Time («Факс/Тел қоңырау шалу уақыты»)	<p>Бұл параметр факс/телефон режимі басталмай тұрып телефон қанша рет шырылдайтынын анықтайды.</p>


Факс жіберу

1. Құжатты сканер шынысына бетін төмен қаратып қойыңыз немесе оны құжат бергішке бетін жоғары қаратып қойыңыз және қағаз бағыттауыштарын құжат өлшеміне сәйкес реттеңіз.
2. Принтердің басқару тақтасындағы негізгі экранда **Fax** (Факс) опциясын таңдаңыз. Сізден пайдаланушы аты мен құпия сөзді енгізу сұралуы мүмкін.
3. Келесі әдістердің біреуі арқылы алушыларды көрсетіңіз:

Алушыларды қолмен енгізу

- ▲ **Fax Recipients** (Факс алушылар) мәтін жолағын түртіп, факс нөмірін енгізу үшін пернетақтаны пайдаланыңыз. Бірнеше факс нөміріне жіберу үшін нөмірлерді нүктелі үтірмен бөліңіз немесе әр санды терген соң, сенсорлық пернетақтадағы Enter  түймесін басыңыз.

Алушыларды Контактілер тізімінен енгізу

- a. **Contacts** (Контактілер) экранын ашу үшін **Fax Recipients** (Факс алушылар) жолының жанындағы Contacts  түймесін басыңыз.
 - ә. Тиісті контактілер тізімін таңдаңыз.
 - б. Алушылар тізіміне қосу үшін контактілер тізімінен атты немесе аттарды, одан кейін **Add** (Қосу) опциясын таңдаңыз.
4. Жылдам орнатуды жүктеу үшін **Load** (Жүктеу) опциясын, одан кейін Quick Set (Жылдам орнату) опциясын таңдаңыз да, **Load** (Жүктеу) опциясын **Quick Sets** (Жылдам орнатулар) тізімінен таңдаңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Quick Sets (Жылдам орнату) мәндері **Text** (Мәтін), **Photograph** (Фотосурет) және **High Quality** (Жоғары сапа) сияқты әртүрлі шығыс түрлерінің алдын ала анықталған параметрлері болып табылады. Сипаттамасын көру үшін Quick Set (Жылдам орнату) опциясын таңдауға болады.

5. **Resolution** (Ажыратымдылық), **Sides** (Жақтар) және **Content Orientation** (Мазмұн бағыты) сияқты параметрлерді реттеу үшін астыңғы сол жақ бұрыштан **Options** (Опциялар) мәзірін, одан кейін параметрлерді **Options** (Опциялар) мәзірлерінен таңдаңыз. Нұсқау берілсе, **Done** (Дайын) опциясын таңдаңыз.
6. Қосымша алдын ала қарау: Құжатты алдын ала қарау үшін экранның оң жақ аймағын түртіңіз. Алдын ала қарау экранын кеңейту және жию үшін алдын ала қарау тақтасының сол жағындағы **Expand** (Кеңейту) және **Collapse** (Жию) түймелерін пайдалануға болады.


Кесте 7-1 Алдын ала қарау панеліндегі басқару элементтері

Expand (Кеңейту) түймесі **Collapse** (Жию) түймесі



Алдын ала қарау опцияларын реттеу және беттерді қайта реттеу, бұру, енгізу немесе жою үшін экранның оң жағындағы түймелерді пайдаланыңыз.

Кесте 7-2 Алдын ала қарау түймелері

Түйме	Сипаттама
	Екі беттік көріністі және нобайлық көріністі ауыстырып қосыңыз. Екі беттік көрініспен салыстырғанда, нобайлық көріністе қолжетімді опциялар көбірек.
	
	Таңдалған бетті үлкейтіңіз не кішірейтіңіз. ЕСКЕРТНЕ: Бұл түймелерді пайдалану үшін бір уақытта тек бір бетті таңдаңыз.
	
	Бетті 180 градусқа бұрыңыз. ЕСКЕРТНЕ: Бұл түйме тек нобай көрінісінде қолжетімді болады.
	Таңдалған беттерді жойыңыз. ЕСКЕРТНЕ: Бұл түйме тек нобай көрінісінде қолжетімді болады.
	Құжаттағы беттерді қайта реттеңіз. Бір немесе бірнеше бетті таңдап, оларды солға немесе оңға жылжытыңыз. ЕСКЕРТНЕ: Бұл түймелер тек нобай көрінісінде қолжетімді болады.
	
	Бетті құжатқа қосыңыз. Принтер қосымша беттерді сканерлеуге кеңес береді.
	Алдын ала қарау кезінде енгізілген өзгерістерді тазалаңыз да басынан бастаңыз.

7. Құжат дайын болған кезде, факсты жіберу үшін [Send](#) (Жіберу) түймесін таңдаңыз.

Қосымша факс тапсырмалары

www.hp.com/support/colorljM578MFP торабына өтіңіз.

Белгілі бір факс тапсырмаларын орындау үшін нұсқаулар беріледі, мысалы:

- Факстың жылдам теру тізімін жасап, басқарыңыз
- Факс төлем кодтарын конфигурациялау
- Факстарды басып шығару кестесін пайдалану
- Кіресін факстарды құрсаулау
- Факстарды мұрағаттау және қайта бағыттау

8 Принтерді басқару

- [HP ендірілген веб-сервері \(EWS\) арқылы қосымша конфигурациялау](#)
- [IP желі параметрлерін реттеу](#)
- [Принтердің қауіпсіздік мүмкіндіктері](#)
- [Қуат үнемдеу параметрлері](#)
- [HP Web Jetadmin](#)
- [Бағдарламалық құрал және ішкі бағдарлама жаңартулары](#)

Қосымша ақпарат алу үшін

Келесі ақпарат жариялау уақытында дұрыс болады.

Видео көру үшін www.hp.com/videos/LaserJet бөлімін қараңыз.

Ағымдағы ақпаратты www.hp.com/support/colorljM578MFP бөлімінен қараңыз.

Принтер бойынша HP компаниясының жан-жақты анықтамасы мынадай ақпаратты қамтиды:

- Орнату және параметрлерді реттеу
- Үйрену және пайдалану
- Проблемаларды шешу
- Бағдарламалық құрал мен микробағдарлама жаңартуларын жүктеп алу
- Қолдау форумдарына қосылу
- Кепілдік және құқықтық ақпарат табу

HP ендірілген веб-сервері (EWS) арқылы қосымша конфигурациялау

- [Кіріспе](#)
- [HP енгізілген веб-серверіне \(EWS\) кіру](#)
- [HP енгізілген веб-серверінің мүмкіндіктері](#)

Кіріспе

Ендірілген веб-серверді басып шығару функцияларын принтердің басқару панелінен емес, өзіңіздің компьютерден басқару үшін пайдаланыңыз.

- Принтердің күйі туралы ақпаратты көру
- Барлық жабдықтардың қалған қолдану мерзімдерін анықтап, жаңаларына тапсырыс беріңіз
- Науа конфигурацияларын қараңыз және өзгертіңіз
- Принтердің басқару панелінің мәзір конфигурациясын қараңыз және өзгертіңіз
- Ішкі беттерді көріңіз және басып шығарыңыз
- Принтер мен қамсыздандыру материалдарына байланысты оқиғалар жөнінде хабарлама алыңыз
- Желі конфигурациясын көру және өзгерту

HP ендірілген веб-сервері принтер IP негізделген желіге қосылғанда жұмыс істейді. HP ендірілген веб-сервері IPX негізделген принтер байланыстарын қолдамайды. HP ендірілген веб-серверін ашу және пайдалану үшін Интернеттің болуы шарт емес.

Принтер желіге қосылғанда, HP ендірілген веб-сервері автоматты түрде қолжетімді болады.





ЕСКЕРТПЕ: HP ендірілген веб-серверіне желілік брандмауэрдан тыс қол жеткізу мүмкін емес.


HP ендірілген веб-серверін қолдану үшін шолғыш келесі талаптарға сәйкес келуі қажет:

Кесте 8-1 Браузер талаптары

Операциялық жүйе	Браузер
Windows® 7	Internet Explorer (8.x немесе одан кейінгі нұсқасы)
	Google Chrome (34.x немесе одан кейінгі нұсқасы)
	Firefox (20.x немесе одан кейінгі нұсқасы)
Windows® 8 немесе одан кейінгі нұсқасы	Internet Explorer (9.x немесе одан кейінгі нұсқасы)
	Google Chrome (34.x немесе одан кейінгі нұсқасы)
	Firefox (20.x немесе одан кейінгі нұсқасы)
macOS	Safari (5.x немесе одан кейінгі нұсқасы)
	Google Chrome (34.x немесе одан кейінгі нұсқасы)
Linux	Google Chrome (34.x немесе одан кейінгі нұсқасы)
	Firefox (20.x немесе одан кейінгі нұсқасы)

HP енгізілген веб-серверіне (EWS) кіру

1. Принтердің IP мекенжайын табыңыз. Принтердің басқару тақтасындағы негізгі экраннан Information (Ақпарат)  белгішесін таңдаңыз, одан кейін IP мекенжайын немесе хост атауын көрсету үшін Network (Желі)  белгішесін басыңыз.
2. Веб-браузерді ашыңыз да, мекенжай жолында IP мекенжайын немесе хост атауын дәл принтердің басқару панеліндегідей теріңіз. Компьютер пернетақтасындағы **Enter** пернесін басыңыз. EWS экраны ашылады.



ЕСКЕРТПЕ: Веб-браузер кірілетін веб-сайттың қауіпсіз болмауы мүмкін екендігін көрсететін хабарлама береді, веб-сайтқа өте беру үшін опцияны таңдаңыз. Бұл веб-сайтқа кіру компьютерге зақым келтірмейді.

HP енгізілген веб-серверінің мүмкіндіктері

- [Information \(Ақпарат\) қойындысы](#)
- [General \(Жалпы\) қойындысы](#)
- [Copy/Print \(Көшіру/Басып шығару\) қойындысы](#)
- [Scan/Digital Send \(Сканерлеу/сандық жіберу\) қойындысы](#)
- [Fax \(Факс\) қойындысы](#)
- [Supplies \(Жабдықтар\) қойындысы](#)
- [Troubleshooting \(Ақауларды жою\) қойындысы](#)
- [Security \(Қауіпсіздік\) қойындысы](#)
- [HP Web Services \(HP веб-қызметтері\) қойындысы](#)
- [Желіге қосылу жиекбелгісі](#)
- [Басқа сілтемелер тізімі](#)

Information (Ақпарат) қойындысы

Кесте 8-2 HP ендірілген веб-серверінің Information (Ақпарат) қойындысы

Мәзір	Сипаттама
Құрылғы күйі	Принтердің күйін көрсетеді және HP жабдықтарының қалған өлшеулі қызмет ету мерзімін көрсетеді. Оған қоса, бұл бет әр науаға белгіленген қағаз түрі мен өлшемін көрсетеді. Өдепкі параметрлерді өзгерту үшін Change Settings (Параметрлерді өзгерту) сілтемесін басыңыз.
Теңшелім беті	Конфигурация бетінде табылған ақпаратты көрсетеді.
Жабдықтар күйінің беті	Жабдықтардың принтерге қатысты күйін көрсетеді.
